



Автор: Жумагалиева Алмажан Жасуланқызы

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 8-сынып

Бөлім: Қазақстан Ресей империясының құрамында

Тақырып: Қазақстанда капиталистік қатынастардың дамуы Зерттеу сұрағы Қазақстанның өнеркәсіптік дамуы қалай басталды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7. 4. 2. 1 капиталистік қатынастардың экономикаға ықпалын анықтау
Сабақтың мақсаты:	Капиталистік қатынастардың Қазақстан экономикасына ықпалын анықтап, оның қазақ халқының өміріне әсерін талдау
Тілдік мақсаттар:	Қазақстандағы капиталистік қатынастардың қалыптасуына байланысты бейнематериалдан мәлімет алады (тыңдалым дағдысы) Капиталистік қатынастардың дамуына байланысты өзгерістерді айтады(айтылым дағдысы). Тақырыпты оқиды (оқылым) Картамен жұмыстану арқылы кен орындарын жазады (жазылым) • Пәндік лексика мен терминология: капиталистік, маркшейдер, жұмысшы табы, буржуазия, жатақ, жалдамалы жұмысшы, акция, дискриминация • Диалог құруға /жазылымға қажетті сөздер топтамасы: <input type="checkbox"/> Патша үкіметінің Қазақстанда капиталистік қатынастар енгізу себептері ..., ..., <input type="checkbox"/> Шетелдік кәсіпкерлердің қыруар пайда табу себептері..., ..., ..., ... <input type="checkbox"/> Капиталистік қатынастармен бірге қазақ даласына өзгерістер енді, себебі ... <input type="checkbox"/> Қазақ ауылы үшін ешқандай жақсылық әкелмеді, өйткені....
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар Қазақстанда ашылған жаңа өндіріс орындарын біледі Кен орындары мен шетелдіктер қолындағы кеніштерді картадан көрсетеді
Бағалау критерийлері:	Білу және түсіну – капиталистік қатынастардың дамуы барысын түсіндіріп, пайда болған жаңа өндіріс орындарын атайды Қолдану – XIX ғ. Қазақстандағы кен орындары мен шетелдіктер қолындағы кеніштерді картадан көрсетеді Сыни ойлау мен талдау – Экономикаға капиталистік қатынастардың ықпалын сипаттайды -XIX ғасырдағы өнеркәсіптің отаршылдық сипатын дәлелдермен айқындайды
Құндылықтарды дарыту:	Еңбек және шығармашылық, ынтымақтастық, өмір бойы білім алу
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, ғаламтор ресурсын пайдалану
Пәнаралық байланыс:	Дүниежүзі тарихы, география
Бастапқы білім:	Қазақстандағы Ресейдің жаппай отаршылдық қоныс аударту саясаты

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	БЫМ №200 СББР «Өнеркәсіп оның отаршылдық сипаты» Ой-шақыру. Б Бейнематериал тыңдатып, төмендегі сұрақтар бойынша оқушылар мен ой бөлісемін. <input type="checkbox"/> Бейнематериалдың негізгі идеясы неде? <input type="checkbox"/> Бұл бейнематериалдан қандай ой түйіндеуге болады? <input type="checkbox"/> Бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болмақ? Оқу мақсатымен, бағалау критерийімен таныстыру	https://e-history.kz/kz/scorm/course/234

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>М. Жаңа ұғымдармен жұмыс. Дәптерлеріне ұғымдарды жазып алады. Б Ұғымдар Сипаттама Өнеркәсіп Капиталистік Дискриминация Маркшейдер Табыс табу Акция Дескриптор : □ Өнеркәсіп ұғымына сипаттама тауып жазады □ Капиталистік ұғымына сипаттама жазады □ Дискриминация ұғымына сипаттама жазады □ Маркшейдер ұғымына сипаттама жазады □ Табыс табу ұғымына сипаттама жазады □ Акция ұғымына сипаттама жазады</p> <p>Тапсырманы бұрын болған үш оқушы сарапшы топ болады Тақырып анықталғаннан кейін сыныпты осы сабаққа қатысты термин сөздер арқылы «Пазл» әдісімен алты жұпқа бөлу Зерттеу мен талдау Оқулықтағы мәтінге қосымша, хрестоматиядағы талқылау мәтіні, https://bilimland.kz/ конспектісі қосымша файлда М «Ақылдың алты қалпағы» Ақ қалпақ- эмоциясыз, таза ойлау, дұрыс ойлау. Ақ қалпақ бізге белгілі немесе қажетті ақпаратқаназар аудару үшін пайдаланылады. Әсерсіз, субъективті бағалаусыз тек сандардан, деректерден, ойлардан тұрады. Айтылған пікірді растайтын ,жоққа шығаратын қандай дәлелдер мен деректер, ақпараттар бар? Мәселені шешуде жетіспейтін ақпаратты қалай аламыз? Сары қалпақ айқындылық пен өмірге сеніммен қарауды бейнелейді. Позитивті ойлау. Болашаққа деген үмітті көзқарас. Қарастырылып отырған құбылыстан позитивті жағын бөліп алып және неліктен позитивті екенін дәлелдеу керек. Нақты не нәрсе жақсы, пайдалы, тиімді екенін айтып қана қоймай түсіндіру қажет. Сары қалпаққа қарама-қайшы.Ненің қиын, түсініксіз, мәселе тудыратын, негативті екенін анықтап және себебін түсіндіреді. Қызыл қалпақ сезімді, болжамды және ішкі түйсікті білдіреді. Бұл сезімталдық қалпағы. Өзінің өзгеріс көніл-күйін өткен немесе өзге құбылысты сәттермен байланыстырады. Бұл шығармашылық ойлау қалпағы. «Жаңа жағдайда жаңа әдіс, факт немесе басқа әдіс-тәсілдерді қалай қолдануға болады?» «Өзгеше болу үшін не істеу керек?», «Осындай немесе басқа аспектіні, жаңалықты енгізу үшін не істеу керек?» қою арқылы жаңа жетістіктер тауып қолдануға мүмкіндік береді. Көк қалпақ ойлау үдерісін басқару үшін қолданылады. Бұл философиялық , пысықтау қалпағы.. Көк қалпақты таңдаған жұп міндетті түрде барлық жұмыс уақыттарын әр түрлі екі бөлікке бөлулері керек: біріншіден- басқатоптарды тыңдап, олардың көзқарасын қабылдап , екіншіден- өздеріжинаған материалды пысықтайды, қорытады. Олар соңғы сөзді айтады.Сарапшы топ : (Тапсырманы орындау қарқындылығына қарай алынған)</p>	<p>8 сынып. Қазақстан тарихы., «Атамұра», 2018, Қабылдинов З. Е, Қалиев Ж. Н, Бейсембаева А. Т 136-142 беттер Мәтінді материал https://e-history.kz/kz/scorm/course/234 Қазақстан тарихы хрестоматиясы «Атамұра», 2018, Қабылдинов З. 60-62 беттері материал https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/7-synyp/qazaqstanda-kapitalistik-qatynastardying-damuy?mid=69:simple</p>
Сабақтың соңы	<p>XIX ғ. Қазақстандағы кен орындары мен шетелдіктер қолындағы кеніштерді картадан тауып аймақтарымен дәптерлеріне жазу Дескриптор : Белгіленген уақыт аралығында □ Қазақстандағы кен орындарын атауымен аймағын тауып жазады □ Оқулықтағы картадан шетел капиталистерінің қолындағы кәсіпорындарды тауып жазады Жұптағы оқушылар бірін-бірі «Басбармақ» әдісімен бағалайды Оқушылар Bilim Land ресурсындағы тест тапсырмасын ашып нәтижесін көреді Тест №1 сұрақ Қазақстанда капиталистік қатынастар қарқын ала бастаған кезең. XVIII ғ. XVIII ғ. II жартысы XIX ғ. II жартысы XIX ғ. I жартысы XVII ғ. №2 сұрақ «Атбасар мыс кендері» акционерлік қоғамы қай жылы құрылды? 1911 жылы 1907 жылы 1908 жылы 1910 жылы 1906 жылы №3сұрақ Тау-кен өндірісі шоғырланған аймақтар. Шымкент, Тараз, Алматы Петропавл, Қостанай, Көкшетау Екібастұз, Павлодар, Ақмола, Көкшетау Орал, Ақтау, Қарағанды Ақмола, Семей, Қарқаралы, Алтай №4 сұрақ Орыс көпесі Н. Ушаков сатып алған кен орны қай қалада орналасты. Қарағанды Риддер Ақмола Алтай Екібастұз №5 сұрақ XIX ғасырдың соңында Ақмола, Семей, Петропавлдағы кәсіпорындар немен айналысты? Мал өнімдерін өңдеумен Кондитерлік өнімдер шығарумен Сырт киімдер тігумен Тұрмыстық бұйымдар дайындаумен Мақта-мата жасаумен</p>	<p>https://bilimland.kz/kk/subject/qazaqstan-tarihy/7-synyp/qazaqstanda-kapitalistik-qatynastardying-damuy?mid=%result%</p>
Рефлексия	<p>Рефлексия □ Қиын болды... □ Қызықты болды □ Құнды болды Бағалау. Мұғалім оқушыларға оқу мақсатына жеткені немесе жетпегенін айтады.</p>	<p>Стикерлерге жазады</p>